

Ақтөбе университеті



1996 жылдың
12 наурызынан
бастап шығып
келеді

№ 15 (391)
15 қазан 2016 ж

"Ақтөбе Университеті" Газеті

АРГУ им. К.Жубанова

@argugazeti@mail.ru

ЛУЧШИЙ ВУЗ - АРГУ ИМЕНИ К. ЖУБАНОВА



Маркетинговой компанией «Премиум-Класс» в рамках проекта «Народное признание» проводился опрос среди жителей городе Актөбе и области. Директор компании Нурлан Жардемғалиев отметил о том, что целью проекта является определить лучших в разных сферах реализации товаров народного потребления и оказания услуг населению.

По итогам исследования в номинации «Лучшее высшее учебное заведение» был удостоен АРГУ им. К. Жубанова. Хотелось бы отметить о том, что в аналогичной номинации прошлого года эта ж награда была за нашим вузом.

Торжественная церемония награждения победителей проекта «Народное признание» прошла 7 октября в Студенческом Сарая.

Ғарифолла Есім АӨМУ студенттірмен



07 қазан күні академик, жазушы, Абай және Шәкәрім танушы, ҚР Парламентінің Сенатының депутаты болған Ғарифолла Есім Қ.Жұбанов АӨМУ студенттерімен бірге Ә.Молдағұлова мемориалдық кешені гүл шоғын қойып, батыр апамызға тағзым етті.

Салтанатты іс-шараға Ақтөбе облыстық Мәдениет басқармасының басшысы, белгілі әнші Қанат Айтбаев, тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры Миrows Мұхтар және бір топ ұстаздар ат салысты.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Анаға апарар жол



2 бет

Мерейтой



3 бет

Бижан Қалмағанбетовтың
шығармашылық кеші



4 бет

«Қадырбаевские
чтения-2016»



5 бет

Маңызы зор жиын



6 бет

Анаға апарар жол

Көпшіліктің көңілін елең етіп күткізген режиссер Ақан Сатаевтың "Анаға апарар жол" фильмі 29 қыркүйектен бастап еліміздің барлық кинотеатрларында көрсетіле бастады.

6 қазан күні қаламыздағы "Локомотив" кинотеатрына Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры Кенжеғали Кенжебаев, университеттің тәрбие және әлеуметтік-экономикалық мәселелері жөніндегі проректоры Мұхтар Мирон және бір топ студенттер фильмді тамашалауға барды.

Фильм желісіне келетін болсақ, жастайынан өмір тауқыметін кереген кейіпкердің тағдырымен өрбиді. Анаға деген ыстық сезім, сарғайған сағыныш, өшпейтін үміт оты фильмнің ең негізгі түйіні бола білді. Бұл фильм тек кейіпкер өмірінің қаншалықты ауыр болғандығын көрсетумен шектеліп қалған жоқ. 130 минут ішінде қазақ халқының 1930 жылдан



бастап қазіргі уақытқа дейінгі бастан кешірген кезеңдерін қамти білген. Нәубет жылдарындағы

әр қазақтың басына түскен қиыншылық пен қасірет, ерліктің ерөн үлгісі көрініс тапқан Ұлы Отан соғысы

жылдары, жеңісті күннен кейінгі қазақтың жемісті кезеңі ерекше боямалы анық бейнеленген

"Барамын, жердің түбі болса да барамын. Жарығымды бір көрсем арманым жоқ", - деп қынжылған ана жүрегінен шыққан ащы зар кімді де болса да тебіренеті хақ. Еріксіз көзге жас келеді. Шынымен де отандық жаңа тыныс. Жаңа белес. Көгермен күткен нәтиже. Өткеніміз бен бүгінгіміздің ара жігін ашып көрсеткен тарихи кино

«Анаға апарар жол» фильмі талғамы биік көрермен көңілінен шығып, отандық кино қоржыны тағы да бір көрермен туындысымен толықты. Әлі де талай фильмдер қазақтың кино әлеміне дара жол саларына сенеміз.

Тұрсынғұл МЫҢЖАСАРОВА,
тау - кен ісі мамандығының
2 курс студенті

ҰСТАЗ БОЛУ - ЖҮРЕКТІҢ БАТЫРЛЫҒЫ

Жуырда Жастар сарайында филология факультетінің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің ұйымдастыруымен мұғалімдер күніне орай «Ұстаз болу - жүректің батырлығы» атты мерекелік шара өтті.

Аталмыш шараға факультеттің профессор-оқытушылар құрамы, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары Жанғабыл Қабақбаев, осы ұйымның Ақтебе қалалық филиалының төрағасы Әбдіраш Есмаханов, «Әйтеке би» қоғамдық қорының төрағасы Еркін Құрманбек, «Қабақ баба» қоғамдық қорының төрағасы Амантай Үмбетайұлы сынды белгілі қонақтар және факультет студенттері қатысты.



Шара барысында арнайы келген кеш қонақтары факультеттің үздік деп танылған оқытушыларына арнайы диплом мен бағалы сыйлықтар табыстады. Факультетіміздің өнерпаз студенттері ұстаздар

қауымына жүреқарды тілектерін жолдап, елңдерін арнап, ән мен жырдан шашу шашты.

Жәнібек БЕЙБИТОВ,
филология факультетінің
СЖЖҰЖ бөлімінің маманы



АЛУАН-АЛУАН ЖҮЙРІК БАР

ҚАЗАҚ - АҚЫНЖАНДЫ ХАЛЫҚ. СӨЗДІҢ ЖІЛІГІН ШАҒЫП, МАЙЫН ІШКЕН ХАЛҚЫМЫЗ ОТ АУЫЗ, ОРАҚ ТІЛДІ ШАЙЫРЛАРҒА КЕНДЕ ЕМЕС. ӨЛЕҢІН ТАСҚА ҚАШАҒАН ТОНЬКӨК БАБАМЫЗДЫҢ ИЗБАСАРЛАРЫ ҚАТАРЫН БҰЗБАЙ ҰШҚАН БАЛ АРАДАЙ ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСЫП, БҰЛ КҮНДЕ ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ АУЫЗ ТОЛТЫРЫП АЙТАРЛЫҚ ЖЕТІСТІП МЕН ЖҰРТ КӨКЕЙІНДЕ ЖҮРГЕН ТҮРЛІ ТҮЙТКІЛДЕРДІ ЖЫРЛАРЫНА АРҚАУ ЕТІП КЕЛЕДІ.

Университетіміздің іргетасы қаланған сәттен бастап жұмысын бастаған филология факультеті өз тарихында есімі елге танылған талай қарымды қаламгерлер мен адуынды ақын-жазушыларды ұядан ұшырды. Сол аға-апаларының жолын қуған жас дарындар факультет қабырғасында бүгінгі таңда да біршама.

Жақында Алматы облысында облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткен қазақтың сыршыл қаламгері Тұманбай Молдағалиевті еске алуға арналған «Жүрегі жырдан жаралған» атты республикалық жазба ақындар мен әншілер байқауында факультетіміздің қазақ филологиясы мамандығының 3 курс студенті Қайырхан Жұбаниязов арнайы жүлдеге ие болса, Ойыл ауданында ақ тарының атасы Шығанақ Берсиевтің 135 жылдығына орай еткізілген облыстық ақындар айтысында қазақ филологиясы мамандығының 1 курс студенті Жақсылық Әлихан топ жарды.

Ақындарымызға факультет ұжымының атынан алғыс білдіре отырып, шалқар шабыт пен толағай табыстар тілейміз. Алдағы уақытта да алар асуларыңыз кеп болсын дегіміз келеді!

Жәнібек БЕЙБИТОВ



КӘСІПОДАҚ ШӘКІРТАҚЫСЫНА ИЕ

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ СТУДЕНТТЕРГЕ СТУДЕНТТІК КӘСІПОДАҚ ШӘКІРТАҚЫСЫН ТАҒАЙЫНДАДЫ.

«Шәкіртақы алу үшін университетіміздің институттары мен факультеттерден өтініш білдіргендер саны көп болды. Дегенмен ең алдымен студенттің әлеуметтік жағдайына және сабақ үлгерімінің белсенділігіне аса мән бердік» дейді кәсіподақ басшысы Гүлнұр Зарлықова.

Кәсіподақ шәкіртақысына педагогика институты бейнелеу өнері және сызу мамандығының 2 курс студенті Айнура Тапалова, педагогика институты музыкалық білім мамандығының 3 курс студенті Әділхан Үбайдоллаев, тарих факультеті тарих

мамандығының 3 курс студенті Ботакөз Кенжибаева, экономика және құқық институты менеджмент мамандығының 2 курс Алихан Кенжеғалиев, шетел тілдер факультеті шетел филологиясы мамандығының 4 курс студенті Нарқозы Қартжан филология факультеті филология мамандығының 3 курс студенті Жансая Кеңешова, жаратылыстану факультеті биология мамандығының 2 курс студенті Динара Абдрашова, физика-математика факультеті математика мамандығының 2 курс студенті Айгерім Қазихан, техникалық факультеті дизайн мамандығының 3 курс студенті Жигер Кенжеғалиев, техникалық факультеті құрылыс мамандығының 2 курс студенті Ерхан Мурзагуловтар лайық деп танылды. Енді олар бір семестр бойына кәсіподақ шәкіртақысын алатын болады.

Өз тілшіміз

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

ПРОФЕССОР Х.ҚҰСАЙЫНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ



ҚҰСАЙЫНОВ Халел Хаймуллаұлы,
экономика ғылымдарының докторы, профессор

Экономика ғылымдарының докторы, профессор Халел Хаймуллаұлының 63 жасқа толған мерейтойына орай экономика және құқық институтында туған күн иесіне арналған салтанатты жиын өтті. Жиында университет ректоры Кенжеғали Кенжебаев, тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор Мұхтар Миров, оқу бөлімінің басшысы Абзал Мұхтаров, институт директорлары мен декандар және институт профессор-оқытушылар құрамы қатысты.



Алғаш сөз көзегін алған университет басшысы Кенжеғали Кенжебайұлы профессорды пайвambar жасымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ аумыр тілеп, ғалымның әлі алда талай бағындырар шыңы, ғылымға қосар үлесі зор екендігіне сенім білдірді. Салтанатты кешті институт директоры Сейткали Кулушев жүргізіп отырды.

Жиын барысында экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Бауыржан Жүнісов «Профессор Х.Құсайыновтың өмірі мен ғылыми-педагогикалық қызметі туралы» тақырыбындағы баяндамасын жасады. Бауыржан Арыстанұлы ғалымның өмір жолына, ғылымдағы жетістіктеріне, оның адами қасиеттеріне кеңінен тоқталып өтті.

Одан кейін құттықтауларға көзек берілді. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының жетекшісі Ербол Нурғалиев, Ақтөбе облысының «НұрОтан» партиясының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Ақылбек Сахиев, Конфуций институтының қытай тарапынан директоры Ли Цзяньхун, Қазақстан тарапынан директоры профессор Гүлжан Шоқым, С.Бейішев атындағы Ақтөбе университетінің ректоры бастаған ұжымы, университет институты директорлары мен факультет декандары профессорға арналған жылы лебіздерін жеткізді. Бұл күні құттықтауларда шек болмады. Студенттер ұлағатты ұстаздарына арнап әнмен шашу шашты.

Қазақ ғылымының дамуына үлкен үлесін қосқан ғалымның ерен еңбегін жиналғандардың ерекше бағалайтыны айқын көрініп тұрды. Салтанатты жиыннан соң кешке жиналғандар туған күн иесі жайған дастарқаннан дәм татты.

Өз тілшіміз

Экономика ғылымдарының докторы, профессор Халел Хаймуллаұлы Құсайынов 63-жасқа толып отыр. Айтар болсақ, бұл үлкен ғалымның қазақ ғылымына сіңірген еңбегі зор. Ұлы ойшыл рим философы Луций Анней Сенека «Өмір ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді» дегендей, оның ғылыми-ұстаздық қызметі өз алдына тұнып тұрған тахир десе де болады.

Құсайынов Халел Хаймуллаұлы 1953 жылы 10 қазанда Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Покатилровка ауылында дүниеге келген. Ауылда өсіп, ауыл өмірін сүйіп өскен баланың мектептен кейінгі өмірі ауыл шаруашылығына бағытталған жоғарғы оқу орнында жалғасатыны сөзсіз еді.

Ол Орал қаласындағы Ауыл шаруашылық институтына оқуға түсіп, тағдырын институт босағасымен жалғастырды. Жас Халел Құсайынов өзінің ғылымдағы алғашқы

қадамдарын өз ісіне жанын салған - Валентина Клейменова, Валентин Иконников секілді педагогтармен байланыстырды. Бірінші курстан бастап - ақ ғылыми сағаттарға, түрлі үйірмелерге жазылып, өз бойындағы таудай үйілген саралау, ғылыми болжамдар жасау, бағалау секілді қасиеттерін көрсете білді.

Еңбек жолын Оралдағы ауыл шаруашылық нормативті-зерттеу станциясында бастап, 1977-1980 жылдар аралығында Қазақстан комсомолы Орал облыстық комитетінде жауапты қызметкер болып қызмет жасайды. Қалалық комсомол комитетінде өткізген жалынды қоғамдық ғұмыры Халелді ауыл шаруашылық техникумның хатшылығына тағайындалуымен жалғасады. Осы кезеңнен бастап жарқын комсомолдық өмірбаяны басталады. Осы жолмен жүре берсе партиялық мансапқа жетуі танданарлық жағдай емес еді, бірақ, Халел Хаймуллаұлы болашағын ғылыммен байланыстырды.

Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты 1983 жылы жас мамандарды аспирантураға оқытуға Ресей, Украина елдеріне жолдауға мүмкіндік алады. Сол жас мамандардың бірі Халел Хаймуллаұлы Құсайынов болатын. Ол Кеңес Одағындағы бірден бір жетекші оқу орыны - Украинадағы Киев ауыл шаруашылығы институтына түседі. Украинада ғылым сахнасындағы ұлы саңлақтарының бірі, халықаралық дәрежеде танымал ғалым, профессор Михаил Белоножко жас ғалым Халел Хаймуллаұлының ғылыми жетекшісі болды. Кейін Халел өзін естеліктерінде: «Ол мені оқуға жүктегені соншалық, ғылыми тәжірибеден басқаға бір секунд артық уақыт болмады. Біз Украинадағы Днепр аумағындағы оң жағалаудың орманды даласында дөңді - дақылдар өнімділігінің мәселелерін зерттедік» дейді. Ғылым көменгерімен өткен жылдар бос кетпеді. Халел Хаймуллаұлы 1987 жылдың қаңтар айында диссертациясын сәтті қорғап, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты атанады. Кейін туған жері Оралға оралып, бар жанымен ғылымға беріледі.

1986-1997 ж.ж. Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтында ассистенттіктен бастап, аға оқытушы, доцент, агрономия факультетінің деканы, коммунистік тәрбие жөніндегі проректор қызметтерін атқарады.

Халел Хаймуллаұлы ғылымның сара жолында Киев ауыл шаруашылығы институтымен қайта жүздеседі. Ғылыми жетекшісі Украина аграрлық ғылымдар академиясы «Аграрлық экономика институты» Ұлттық ғылыми орталығының директоры Петр Саблук, жас маман ұсынған «Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығы өнімділігін жеделдетудің экономикалық-энергетикалық және экологиялық негіздері» тақырыбын тандайды. Осы тақырыппен жұмыс барысында Батыс Қазақстанның барлық егін алқаптарында болады. Халел Хаймуллаұлы төуекел жағдайында дөңді-дақылдарды өсіруді жеделдету идеясының нәзізін қалаушы болып табылады. Энергетика мен су ресурстарын үнемді пайдалану технологиясы - бұл идеяның темірқазығы еді.

Өзінің ғылыми зерттеулерін үзбей жалғастыра келіп нәтижесінде Украинаның Киев қаласындағы аграрлық ғылымдардың экономикасы Институты жанындағы докторлық диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған Ғылыми Кеңесте «Батыс Қазақстанның ауылшаруашылығын экономикалық-энергетикалық және экологиялық тұрғыда интенсификациялау негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын 2001 жылы сәтті қорғап шығады. Осы негізде оған Украинаның жоғары аттестациялық комиссиясы мен ҚР Білім және ғылым министрлігі білім беру және ғылыми

жұмыстарды бақылау және аттестаттау Комитеті тарапынан экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі 2007 жылы берілді.

Х.Құсайыновқа 2007 жылы ҚР БҒМ Білім беру мен ғылыми жұмыстарды бақылау Комитеті тарапынан экономика бойынша профессор ғылыми атағы берілді. 2009 жылы ол Халықаралық Евразиялық Экономикалық Академияның толық мүшесі болып, ал 2010 жылы ҚР Ауылшаруашылық Академиясының толық мүшесі болып сайланады.

2007 жылы Халел Хаймуллаұлы өзінің белсенді ғылыми - педагогикалық жұмысына оралып, 2013 жылға дейін Х.Х.Құсайынов С.Бейішев атындағы Ақтөбе университетінің ректоры қызметін атқарады. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен 6 мыңнан астам студенті бар



1980 ж. Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының комсомол комитетінің хатшысы қызметіне сайланды

үлкен ұжымды асқан шеберлікпен басқара білген ол өзін талантты әрі демократияшыл басшы, көрнекті ғалым ретінде көрсетті.

2013 жылдан бері ҚЖұбанов атындағы АӘМУ-ң әлеуметтік-экономикалық жұмыстары департаментінің басшысы, сондай-ақ, экономика және құқық институтының директоры, аталмыш оқу орнының ректорлық аппаратында жетекшілік қызметтерді атқарды. Қазіргі уақытта «Мемлекеттік басқару және маркетинг» кафедрасының профессоры болып қызмет жасайды. Оқытушылар мен студенттер арасында үлкен құрметке ие.

Профессор Х.Х.Құсайынов 200-ден астам ғылыми еңбектер мен монографиялардың, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы, оның жетекшілігімен 40-тан астам кандидаттық диссертациялар мен магистрлік жұмыстар қорғалды.

Соның ішінде оның монографиялары мен оқулықтары «Батыс Қазақстанның ауыл шаруашылығы үшінші мыңжылдық қарсаңында: экономика-энергетикалық мәселелер және өндіріс перспективалары», «Ауыл шаруашылығындағы баланс теориясы», «Аймақтық экономика және басқару» (оқулық), «Туризм экономикасы» (оқулық) және басқа еңбектері ғылыми қызметкерлердің, оқытушылардың, студенттер мен магистранттардың және өндіріс мамандарының іздеп жүріп оқитын дүниелері болып табылады.

Әрине, әрбір адам - екінші рет қайталанбас тұлға. Сырттай ұқсастығы болмаса, жаңа сана деңгейінде әр қайсысы әр түрлі. Антуан де Сент - Экзюпери былай деген екен «Адам болу - бұл өз жауапкершілігіңді сезіну. Әрбір кірпіші қалағаның - дүниені құрғаның». Дәл осы секілді Халел Хаймуллаұлының ғылыми - экономикалық ойларға қосқан үлесі де қаланған кірпіш секілді.

Оның ғылыми саладағы ерен еңбегін, жаңа мамандарды дайындаудағы және жалпы қоғамдық іскерлігін - ҚР Президентінің, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облысы өкімдерінің мақтау қағаздарымен марапатталған грамоталары мен медалдары дәлелдейді. Ғылымдағы жетістіктері үшін ҚР БҒМ Құрмет грамотасымен және «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Профессор Х.Х.Құсайынов өзінің 63 жасын - мол қайрат, шығармашылық дарынының шарықтаған шағында қарсы алып отыр. Құсайыновтар жанұясы ерекше отбасы, бір бүтін ғылыми ұжым. Әкесінің абыройлы өмірі балалары және нәмерелері үшін өркеш үлгі өнеге.

Біз үлкен ғалым, өнегелі ұстаз Халел Хаймуллаұлына ұзақ өмір тілеп, ғылымға деген еңбегі жолында мол табыстарға жете берсін дегіміз келеді!

Бауыржан ЖҮНИСОВ,
экономика ғылымдарының
кандидаты, профессор

ҚАЗАН АЙЫНЫҢ 7 КҮНІ ҒАЗИЗА ЖҰБАНОВА АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАРМОНИЯ ҒИМАРАТЫНДА ЖАЗУШЫ, БҰРЫНҒЫ СЕНАТ ДЕПУТАТЫ ҒАРИФOLЛА ЕСІМНІҢ «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰМЕКЕН» АТТЫ КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ.



«ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰМЕКЕН» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Автор кеш отырысында «Қазақ тарихында екі ғана «жұмбақ ақын» бар, олар Абай және Жүмекен. Өз уақытында осылай деп замандасы Жүмекен Нәжімеденовке ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өзі теңеп кеткен болатын» деді.

Ғарифолла Есімнің «Хакім Абай» кітабы жарыққа шыққан соң Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Сәрсенбай Еңсегенов өзінің жерлесі Жүмекен Нәжімеденов туралы кітап жазуын өтінген екен. Автор алдымен кітапты жазуды бастамас бұрын, осы қазақ поэзиясында өзіндік орнын қалдырған азаматтың туған жеріне жол тартады. Ондағы мақсат ақынның жан дүниесіне үңіліп, жақыннан тану болатын. Атырау облысындағы, Қошалақ ауылына аяқ суытқанда «Атына заты сай шынымен де Қошалақ құм елі екен. Шағын ауыл. Шағыл құм. Кез тартып тұратын

ешнәрсе жоқ. Келген соң кетерімді ойлай бастадым. Дегенмен біршама уақыт өткеннен кейін сол жердің сырын мен Жүмекен кезімен қарау керек екенімді ұқтым. Сол Қошалақтан 40 шақырым жерде Құрманғазы дүниеге келген екен. Демек, ұлы күйші туған жерде, Жүмекендей ақын туған жерде неге қаламды қарыштан сермеменсе? деп ойладым» деп, Ғарифолла Есім кітаптың басталуы жайлы сырымен белісті.

«Жұлдызды Жүмекен. Жалғыздық философиясы» кітабы екі тараудан тұрады. Бірінші тарау «Метафора философиясы» деп аталса, екінші тарауы «Образ философиясы» деп аталынған. Соңғы тарауда Нәжімеденовтың 3 романы топтастырылған. Қысқаша тоқтала кетер болсақ, «Ақ шағылда» романында «Жаңа өмір» колхозының басқармасы Темірәліге жапқан пәле-жалалардан басталып, оның түрмеге жабылғандығы оқиға желісіне арқау болса, «Кішкентай»

романында басынан аяғына дейін сез болған кейіпкер сұлу Талжібектің тағдыры, жалғыздықтың құрбаны болған оның суға кеткен қайғылы оқиғасымен тәмамдалады. «Даңқ пен Дақпырт» романының басты кейіпкері композитор Идаят Салықжановта жалғыздықтың азабын тартады. Жүмекен романдарының желісі жалғыздыққа келіп тіреледі, жалғыздықтың азабын тартқан жандардың тағдырын баяндайды.

Тұсаукесер кеште қазақтың салт-дәстүрінен алыстамай «тұсау кесу» рәсімін философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталы мен облыстық мәдениет басқармасының басшысы Қанат Айтбаев еткізді. Салтанатты жиынды Бауыржан Бабажанұлы жүргізіп отырды.

Автор кеш қонақтарына Жүмекеннің үш романын міндетті түрде оқып шығуды ұсынды. Кеш соңында Ғарифолла Есім жиналғандарға қолтаңбасымен «Жұлдызды Жүмекен» кітабын тарту етіп, жиналғандар ризашылығына беленді.

Осындай жиі бола бермейтін, жолы түсе қоймайтын өліміздің біртуар азаматтарымен кездесу кештеріне жастар кеп қатысатын болса, нұр үстіне нұр болар еді.

Динара КУЖАХМЕТОВА



Жақында Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияда қазақтың қара өлеңін кие тұтқан жақсылыққа жаны құмар, ақын, меценат, еліміздің тұңғыш бард ақыны Т.Досымов атындағы қайырымдылық қордың директоры Бижан Қалмағанбетовтың 55 жылдық мерейтойына арналған «Сәйгүлік өмір» атты шығармашылық кеші өтті.

Кешті ақынның жақын досы, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ҚР Құрмет Грамотасының иегері Орал Байсеңгір жүргізді. Ақынның шығармашылық кешінде облыстың басшылары, жергілікті ақын-жазушылар, Москва, Башқұртстан елдерінен келген қонақтар, туыстары бас қосты.

Сондай-ақ, басқосудың құрметті қонақтары ретінде Қазақстан ғылым академиясының



академигі, абайтанушы Ғарифолла Есім, ақын Бақтыгүл Бабаш, Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры, физика-математика ғылымдарының

докторы, профессор Кенжеғали Кенжебаев, композитор Мақсым Мәнкешов, әнші Қанат Айтбаев қатысты.

Кеш барысында ҚР Қорғаныс министрі Иманғали

Тасмағанбетовтың құттықтау хаты оқылды. Театр өртістері мен С.Жиенбаев атындағы облыстық кітапхананың кішкентай оқырмандары ақынның жақұт жырларынан

шашу шашса, Қанат Айтбаев, Қадырғали Кементай, Ершат Қайырғали сынды өнер адамдары Бижан Қалмағанбетовтың сөзіне жазылған өсем өндерін орындады. Кешке келген қонақтар қазақтың салт-дәстүрін жаңғыртып, жоралғысын жасап, арда ақынға ат мінгізіп, шын жүректен құттықтады. Сонымен қатар, ақынның үлкен ұлы Думан өкесіне арнау өлеңін оқыды. Ерке қыздары да мерейтой иесін құттықтаудан қалыс қалған жоқ. Назерке есімді қызы мың бұралып қазақ биін билесе, Ғазиза есімді қызы пианинода ойнап сахнаның сәнін келтірді.

Кеш соңында Бижан Қалмағанбетов өнер ордасына жиналған қауымға ризашылығын білдірді.

Амангүл ДОСМҰХАММЕДОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының
1 курс студенті

АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. К. ЖУБАНОВА СОВМЕСТНО С АКТЮБИНСКИМ ОБЛАСТНЫМ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИМ МУЗЕЕМ 6-7 ОКТЯБРЯ 2016 Г. ПРОВЕЛ V ЮБИЛЕЙНУЮ МЕЖДУНАРОДНУЮ АРХЕОЛОГО-ЭТНОГРАФИЧЕСКУЮ КОНФЕРЕНЦИЮ ПОСВЯЩЕННУЮ ПАМЯТИ ИЗВЕСТНОГО ИССЛЕДОВАТЕЛЯ ДРЕВНОСТЕЙ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА М.К. КАДЫРБАЕВА – «КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-2016».

жану Абишевичу – директору Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК, д.и.н, профессору, чл-корр. НАН РК. Тема доклада «Археологические исследования Актюбинской области в эпоху независимости Казахстана», в котором автор затронул основные итоги археологических открытий за 25 лет независимости РК.

Любичанковский Сергей Валентинович – д.и.н, профессор, зав. кафедрой «Истории России» Оренбургского государственного педагогического университета в своем докладе «Поддержка ислама среди



«Кадырбаевские чтения-2016»

Проведение конференции в этом году проходило в рамках мероприятий, посвященных 25-летию Независимости Республики Казахстан. Большую группу гостей и участников конференции представляют ученые из Астаны, Алматы, Москвы, Санкт-Петербурга, Казани, Оренбурга, Самары, Уфы, Новосибирска, Киева, Баку, Тбилиси, Ташкента, Бишкека и многих других городов пространства СНГ, руководители и работники крупных музеев Республики Казахстан, которые собрались обсудить важные вопросы сохранения и популяризации историко-культурного наследия страны.

Пленарное заседание конференции проходило 6 октября во «Дворце студентов» АРГУ им. К. Жубанова. На нем с поздравительной речью от имени ректора АРГУ, д.ф.-м.н, профессора К.К. Кенжебаева выступила проректор по научной работе к.ф.-м.н, доцент А.У. Бекбауова. От руководства области с поздравлениями выступил начальник управления культуры Актюбинской области К.К. Айтбаев. Зетем с научными докладами выступили ведущие ученые археологи, этнографы и историки.

Первым из ученых было представлено слово Байтанаеву Бауыр-



казахов, как государственная политика дореформенной России (XVIII – середина XIX вв.) затронул одну из актуальнейших тем современного общества. Его доклад был основан на архивных источниках, где впервые приводились интереснейшие факты из истории Актюбинского края.

Известный ученый-археолог, д.и.н, профессор Южно-Казахстанского государственного педагогиче-

ского института Подушкин Александр Николаевич в своем выступлении на тему «Материалы могильника Культобе I в. до – II в. н. э. о сарматах и сюнну в Южном Казахстане» с богатым слайдовым сопровождением, подчеркнул некоторые аналогии юга и запада Казахстана.

Шахбазов Тахир – ведущий научный сотрудник «Института Археологии и этнографии» Нацио-

нальной Академии Наук Азербайджана, доктор философских наук, профессор в своем выступлении «О проблемах и задачах этнографии тюркских народов в условиях культурной глобализации» вынес на обсуждение проблему сохранения исторических памятников на территории Нагорного Карабаха, влияние на этот процесс военных событий и т.д.

Завершал пленарное заседание Нечвалода Алексей Иванович – антрополог, научный сотрудник «Института истории, языка и литературы» УНЦ РАН, который показал процесс восстановления облик человека по черепу с территории Актюбинской области. Тема его выступления «Некрополь Жаман-Каргала I: краниологическая характеристика и портретная реконструкция внешнего облика по черепу эпохи становления Казахского ханства».

После обеда 6 октября на историческом факультете были продолжены выступления на секциях. 7 октября после завершения секционных работ, ученые выехали на некрополь Абат-Бай-так.

Таким образом, в процессе конференции были обсуждены ключевые вопросы археологии, этнографии, антропологии и истории евразийских степей, диапазон тем которых охватывает период от эпохи зарождения человека до современности.

Самат ЕСКАЛИЕВ,
к.и.н., доцент, декан
исторического факультета

«Ғылым қоры» өкілдерімен кездесті

ЖАҚЫНДА ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИАЛАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ТҮСІНДІРУ МАҚСАТЫНДА «ҒЫЛЫМ ҚОРЫ» ӨКІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУГЕ ҚР БЖҒМ «ҒЫЛЫМ ҚОРЫ» ПРЕЗИДЕНТІ А.Ж.СУЛТАНГАЗИН, ҒЫЛЫМ ҚОРЫ ЖОБАЛЫҚ ДИРЕКЦИЯСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ К.К.ОМАРОВ, АТАЛМЫШ ҚОРДЫҢ ЖОБА КООРДИНАТОРЫ Г.З.КАЖКЕНОВ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ К.А.БИКЕНОВ ҚАТЫСТЫ.

Кездесу барысында ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциаландыру жобаларын қаржыландыру туралы толық ақпарат берілді. Сөз кезегін алған ғылым қоры жобалық



дирекциясының директоры Құрманғазы Омаров гранттық қаржыландыру конкурсының етініштерін рәсімдеудің жаңа ережелерін жан-жақты баяндап, слайдтар арқылы да көрсете отырып, конкурсқа қандай жұмыстар қабылданатынын, олардың тәртіптерін түсіндіріп етті. Ғылым қоры өкілдері сондай-ақ, гранттық қаржыландыруға ғалымдардың

қызығушылығы ете жоғары екендігін атап етті. Бұл жобада бизнес-серіктеспен жұмыс жасаудың тиімді жолдары, ғылыми қызметкерлерге бірлесе жұмыс атқара білудің маңыздылығы айтылды.

Елімізде ғылымды қаржыландыру екі бағытта жүргізілімек. Алғашқы бағыт бойынша, гранттық қолдау ғылыми

ұжымдар мен жекелеген ғалымдарға мемлекет тарапынан берілсе, екінші бағыт бойынша, ғылыми жобаларға мемлекет пен бизнес бірлесіп, қаржылай қолдау көрсетпек. Тың жобаға қызығушылық танытқан кәсіпкер немесе кәсіпорын оның теориядан практикаға айналуына, яғни ендіріске енуіне тікелей атсалыса

алады.

Кездесу барысында жиналғандар келген ақпаратқа қанық болды. Оқу ордамыздың ғалымдары құрылыс материалдары, қара металлургия, агрохимия, молекулалық биология, мобильдік және мультимедиялық технология салалары бойынша жобаға атсалысуды мақсат етіп отыр.

Жадыра АРЕН

ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚҚА МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТҮСІНДІРУ, ӨҢІРДЕГІ АХУАЛДЫ БАҒДАРЛАП, ПРОБЛЕМАЛАРДЫ БІРІГЕ ШЕШУ МАҚСАТЫНДА ҚАЛАМЫЗҒА БАС ПРОКУРОР ЖАҚЫП АСАНОВ БАСТАҒАН ТОПТЫҢ ІС САПАРМЕН КЕЛГЕНІ БЕЛГІЛІ. СОЛАРДЫҢ БІР ТОП МҮШЕЛЕРІ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ.

Кездесуге ҚР мәдениет және спорт министрлігінің дін істері комитетінің мәдениет және дін халықаралық орталығының директоры орынбасары Жорабек Дауренов, «НұрМұбарак» университетінің докторанты Оралхан Сейдманов, ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек министрлігінің әлеуметтік көмек департаментінің бас сарапшысы Асқар Ниязов, ҚР білім және ғылым министрлігінің жоғары білім департаментінің бас сарапшысы Ляззат Уатаева, ҚР ішкі істер департаменті административті полиция комитетінің полиция полковнигі Амиржан Ақшолоақов, «Астана Опера» опера және балет мемлекеттік театрының әдеби бөлімінің меңгерушісі Жоламан Турсунбаев, Астана медициналық университетінің жұқпалы аурулар және эпидемиология кафедрасының ассистенті Гульсумжан Туребаева, Шығыс Қазақстан облысының аға прокуроры Айдос Турсунбаев және университетіміздің тәрбие және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры Мұхтар Миrows қатысты.

- Біз осы кездесуге сегіз адам болып келіп отырмыз. Барлығымыздың саламыз әртүрлі бағытта. Негізгі мақсатымыз - осы еңірдегі мәселелерді сіздермен бірлесіп отырып шешімін табу.

Ақтебеде орын алған қанды оқиға баршамызға ауыр тигені белгілі. Діни мәселенің ушығуы әртүрлі себептен болуы мүмкін. Біреулер жұмыссыздықтан, біреулер жемқорлықтан дейді. Мұндай жағдайлардың астарында саяси мәселелердің бар екені сөзсіз. Олардың кексегені мұсылмандар арасында ірікті салу, елдің ауызбіршілігін кетіру, сол арқылы біздің тыныштығымызды, тұрақтылығымызды бұзу. Оның ішінде



МАҢЫЗЫ ЗОР ЖИЫН

әлеуметтік мәселелердің болуы да мүмкін.

Үш мыңға жуық интернет ресурстары бар екен. Оның ішінде ақпараттар әр 7 минут сайын ауысып отырады. Теріс пиғылды діндердің жетегінде жастар осы интернет желісі арқылы еріп кетіп жатыр. Бүгінде біз оның бірқатарын жауып та үлгердік. Сондықтан интернет ресурстарындағы барлық ақпараттарға сенбе бермеулеріңіз керек. Теріс ағымдағылар «Мемлекет діннен бөлінген» деген қағиданы ұстап алған. Біз зайырлы мемлекеттіз. Мемлекет діннен тек аппараттық басқару жүйесінен ғана бөлінген.

Біз неге мемлекеттік органдардағы намазханаларды жаба бастадық, дін саласындағы тәртіпті қатаңдата бастадық,

Соған апарған сол кісілердің әрекеттері. Салафизм ағымында жүрген кісілер сен «кімсің» десе, «мен мұсылманмын» дейді. Оларға қазақ тілі, мәдениеті, салты керек емес», - деді өз сөзінде Жорабек Дауренов.

Келесі сөз кезегін алған Оралхан қажы: «Бәріміздің көздеген мақсатымыз бір, осы елдің бірлігі, тыныштығы. Тыныштық адамзат баласы үшін ең үлкен нығмет екендігін Алла тағала білдіреді. Дүниеде тыныштық болса, қарның ашып алаңдамасаңыз, ең үлкен нығмет сол екен. Тарихқа көз жүгіртсеңіздер, сырттан келіп елді ешқандай жау ала алмаған Тек іштен іріту арқылы, іштен бөлу арқылы ғана әлсіреткен екен. Алла тағала Құран көрмиде: «Сендер бөлінбедер, бөлінсеңдер күш қуаттарың кетеді» дейді.

Біз «Жастар қалай теріс ағымға ілесіп кетеді, олардың ақыл ойлары

жоқ па» деп ойлаймыз. Дәстүрлі емес ағымдағылардың жұмысы жүйе-жүйеге қойылған. Олар мәзһабшылардың айтқанымен жүрмейді. Өздерінің идеологиясына сай хадистерді жинап алады да, қалғандарын жасырып қояды. Ұстазсыз ақиқатты іздеу жолына түскен адамның соңы қайғымен аяқталады», - деген ол жиналғандарға қарапайым мысалдармен көп нәрсенің мән жайын түсіндіріп өтті.

Өз кезегінде сөз алған Жоламан Турсунбаев: «Құдайберген Жұбанов атамыз көмеңгер адам. Ол 16 тіл білген. Осы білімнің қара шаңырағында, атамыздың атындағы университетте сіздердің алдарыңызда сөз сөйлеп тұрғаныма өзімді бақыттымын деп есептеймін», - деді. Ол көрермендерге «Жер са-

тылмайды», «Таразым» әндерін тыңдауға ұсынды. Шабытқа толы әндерден соң залға жиналғандар зор қошеметпен шапалақ ұрды.

Жиын барысында білім саласының жаңалықтарымен Ляззат Уатаева бөлісті. - Қазақста «Білімсіздік орға жығады» деген мақал бар. Білім министрлігі жастардың жақсы білім алулары үшін бар жағдайды жасауға тырысуда. 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік білім бағдарламасы қабылданды. Ұлттық бірыңғай тестілеуге де өзгерістер енгізілді. ҰБТ-ны бірінші рет тапсыра алмаған балалар, тағы да екінші рет тапсыра алады. Екінші рет тапсыра алмаған балалардың езі үшінші рет ақылы негізде оқуға тапсыруға мүмкіндіктері бар. Біздің мақсат білім деңгейімізді халықаралық стандарттарға сай кетеру. Тілді дамытуға көңіл бөлінуде. Барлық жоғары оқу орындарына үш тілде жүргізілетін 135 оқу бағдарламасы енгізілді. Оқытушыларды 2 айдан 6 айға дейінгі аралықта ағылшын тілі курстарына оқыту мақсатында 450 грант бөлінген Педагог мамандарға тапсыратын талапкерлер алдағы уақытта алдымен психологиялық тесттен өтетін болады», - деді.

Сондай-ақ, кездесу барысында жұқпалы аурулар жайындағы ақпаратпен Гульсумжан Туребаева бөлісті. Ал полиция полковнигі Амиржан Ақшолоақов езі осы білім ордасының түлегі екендігін мақтан тұтатындығын жеткізе отырып, жастарға қылмыстың алдын алу, құқық бұзушылық жайында біраз мәліметтерді айтып өтті.

Жиналғандар арасынан кездесуге келгендерге сұрақ қоюшылар да көп болды. Әр сала мамандары өз бағыттары бойынша сұрақ қоюшыларға толыққанды жауап бере білді.

Жадыра АРЕН

«Мәңгілік ел жастары - индустрияға» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында айқындалған басымдықтарды жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың қатарына кіреді. Стратегияға сәйкес дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін білікті мамандар даярлау мәселесі өзекті болмақ.

СЕРПІНДІК ЖАСТАРҒА СЕНІМ МОЛ

Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметі жастар мәселесіне арнап «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» әлеуметтік жобасын ұсынған болатын. Бұл жоба «Серпін-2050» деп аталады.

Бүгінде бұл жоба өз кезегінде орнықты орнын тауып, сара жолын салып келеді. «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша түрлі өңірлерден студенттерді жинақтап, бір арман, бір мақсатқа біріктіруде осы бағдарламаны үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Әбенювтың орнын ерекше атап өтуге болады.

Мұрат Әбенювтың бастауымен бір топ мамандар арнайы Ақтебеге ат басын тіреді. Жан-жақтан келіп, бас қосып оқып жатырған Қ Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің студенттеріне жұма күні сәтін салып, білікті мамандармен кездесу бұйырды.

Кездесу барысы еркін түрде өтті. Яғни, студенттер өз көкейтесті сұрақтарын еш қымсынып-қымтырылмастан қойып, көңіл кеншітер жауаптар ала білді. Ең бірінші кездесудің шымылдығын тәрбие ісі жөніндегі және жастар саясаты бөлімінің басшысы Әлібек Қаратаев ашты.

Онан соң «Серпін-2050» бағдарламасын үйлестіруші Мұрат



Әбенювке сөз кезегі берілді. Әңгіме барысында «Серпін-2050»

бағдарламасымен оқуға түскен студенттердің жеткен жетістіктерін айтып,

алдағы мақсаттары мен жоспарларын тарқатып тұрып ашып айтты. Бүгінгі күнге дейін қолға алынған істер мен атқарылған қызметтердің басын қайырды. Кездесуге келген 450 студенттің алдағы мүмкіншіліктері мен еліміз үшін атқаруға тиісті міндеттерін де баса айтып өтті.

Сонымен қатар серпіндік студенттерге артылған жүктің қаншалықты ауыр екендігін, қаншалықты маңызды жоба екенін айтып, түсіндіріп берді. Бұған қоса студенттердің кеңілінен кеншітетін, қуанарлықтай бастаманың қолға алынғандығы жайында Ержан Нұрғалиев хабардар етті. Бұл жоба - Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы бастаған «Бизнеске 10 қадам» деп аталады. Жоба маңыздылығы түсіндірілгеннен кейін, кәсіпкерлікпен айналысуға қызығушылық танытқан жастарымыздың саны артып, қатары кебейе түсті. Осылайша серпіндіктердің бұл кездесуі өзекті мәселелерді шешу жолдары мен тығырықтан шығу бағыттары нұсқалған кездесулердің бірі бола білді.

Кездесу соңында М.Әбенюв университетіміздің басшылығына ризашылығын білдірді.

Жансая КЕНЕШОВА,
филология факультетінің
3 курс студенті

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің «Электронды оқыту «E-Leaming» ғылыми-практикалық және «Университет-мектеп» ғылыми-педагогикалық орталықтарының ұйымдастыруымен қаламыздағы мектептердің бастауыш класс мұғалімдерімен кездесу өтті. Ондағы мақсат аталмыш орталық мамандары жасап шығарған 1 кластың жаңартылған бағдарламасы бойынша жасақталған «Сауат ашу әлеміне саяхат» атты мультимедиялық интерактивтік онлайн курсы таныстыру болатын.

Алғаш сөз кезегі «Электронды оқыту «E-Leaming» ғылыми-практикалық орталығының директоры Егізбай Сақпановқа берілді.

– Ең бірінші баланың сауатын ашатын үлкен білімге жолдама беретін сіздерсіздер. Биыл 1 кластарға арналған жаңа бағдарлама бойынша оқытуды бастадыңыздар. Балаға білім беру технологиясы қай елде болмасын ете маңызды болып саналады. Үстіміздегі жылдың қыркүйек айының басында Мәскеу қаласында өткен халықаралық семинарға университет ректоры Кенжеғали Кенжебаев екеуіміз барып қайттық. Ол семинарда бастауыш мектептің, орта мектептің білім беру жүйесіндегі мәселелері талқыланып, талданды. Сонда Финляндиядан келген бастауыш кластардың мұғалімдері баяндама жасады. Олардың оқушылары қаламда, дәптерде, оқулықта ұстамайды екен. Бәрінде планшет, тапсырманы соған орындайды, соған жазады, соған сызады, сабақтың ортақ қорытындысы мұғалімнің компьютеріне жиналады. Ол елдер сондай дәрежеге жеткен. Оқушы ауыр-ауыр оқулықтарды арқалап



1 КЛАСҚА АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ ҚОЛДАНЫСҚА ШЫҚТЫ

жүрмейді, - дей келе ол онлайн оқытудың ерекшеліктеріне тоқтала отырып, жаңашылдыққа ұмтылып, ақпарат ағымына ілесе білуіміз керек екендігін алға тартты.

«Университет-мектеп» ғылыми-педагогикалық орталығының басшысы Айболған Кенжеғұлова:

- Біз сіздердің сауат ашу оқулықтарыңызбен терең танысып шықтық. Ол сегіз белімге белінген. Мысалы бірінші белім «Өзім туралы» деп аталады. «Өзім туралы» тақырыбының ауқымы ете кең. Біздің электронды оқулықтың ерекшелігі біз оқушыға шектеу қойған жоқпыз, - деді ол.

Университетіміздің педагогика институтының мектепке дейінгі және арнайы

оқыту кафедрасының аға оқытушысы Жанна Оразова жиналғандарға электронды оқулық жайында кеңінен түсіндіріп өтті.

- Былтыр жаңа оқу бағдарламасы негізінде үш апталық курсқа бардым. Сол кезде бізге осы оқулықты жазып жатқан авторлармен кездесіп, пікір алмасуға мүмкіндік туды. Оқу ордамызға оралған соң бізде электронды оқулық жазсақ деген тың идея туды. Жаз айынан бастап осы идеяны қолға алып, бағдарламаны қайта-қайта оқып шығып, балаларға қалай түсінікті оқытуға болады деген жақтарын қарастырдық. Нәтижесінде бір құнды дүние шықты. Бұл оқулық ата-аналар үшін де ете тиімді болмақ. Бала үшін де

қолайлы, - деді Жанна Орынбасарқызы.

Электронды оқулықта Әсет пен Әсем білім әлеміне саяхатқа шығады. Олардан белек әркез кеңес беріп отыратын мұғалімі, сосын аңдар ғана бар. Бұл оқулықты оқу үшін www.bilimportaly.arsu.kz порталына ақылы 500 теңгемен тіркеліп, бір жыл бойына қолдануға болады.

Семинар кезінде «Сауат ашу әлеміне саяхат» электронды оқулығынан үзінділер көрсетіліп, семинарға қатысушы мұғалімдердің тарапынан бірауыздан қолдауға ие болды.

Жадыра АРЕН

Көңілді сергілтілкен жайдарманшылар

Университетте білім алып жүрген әрбір жастың талапты, таланты өрі жан-жақты екені даусыз. 15 қазан күні Студенттер сарайының сахнасынан өнер көрсеткен көңілді тапқыштар клубы ойыншылары осы сөзімізді дәлелдегендей.

Қашанда көңілді жүретін студенттер қауымы үшін КТК ойынының орны өркез айрықша. Әзілкештер өнер көрсетеді дегеннен елең өткен жастар залға лық тола жиналды. Сөздері орақтай, ойлары салмақты жайдарманшы жастар барынша көрерменнің көңілін тауып, әділқазы алқасының ойынан шығуға тырысты.

Ойын барысында әрбір құрама залға жиналған дүйім жұрттың көңілін ездеріне аударта білді. Барлық сайыскерлер сайысқа сақадай сай келген. Қоғамдағы



соққаны анық. Десе де, әділқазы бұрыннан әзілдері жарасып, сахна терінен орын алып, көрермен кезайымына айналған техника факультетінің студенттерінен құрылған «From Tech» пен сөзден қамшы ерген филология факультетінің студенттері «Бес саусақ» құрамаларын ерекше атап өтті.

Бұл сайыста 10 құрама өнер көрсетіп, іріктеу барысында оның 8-і келесі финалға жолдама алды. Ендеше финалға өткен сайыскерлерді құттықтай отырып, алдағы уақытта кереметтей ойындар мен саптаулы әзілдер күтеміз.

Алтынай ОРЫНБАЕВА,
қазақ филология
мамандығының 2 курс студенті

түйткілді мәселелерін қалжыңмен түйреп, шынайы әзілдерін жіпке тізе білді. Келгеніне кеп уақыт бола қоймаса да 1 курс студенттері ездерін өнерлі жағынан көрсете білді. «Естен кетпес», «Біздің нұсқа», «Бес саусақ», «Глюкоза», «From Tech» және т.б құрамалар барынша бақ сынасты.

Бұл жолғы сайыста терешілер қатарында «Серпін-2050» бағдарламасын үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Әбеннов, кәсіподақ ұйымының басшысы Гүлнұр Зарлықова, тәрбие ісі жөніндегі және жастар саясаты бөлімінің басшысы Әлібек Қаратаев болды. Терешілер үшін бірінші бірі озған әзілқой құрамаларды іріктеу қиынға



6 СОВЕТОВ СТУДЕНТАМ

СОВЕТ 1. Учитесь общаться, всегда умеете налаживать контакт с людьми

Университет — удивительное место. Едва ли в своей дальнейшей жизни вы попадете в подобное скопление самых разноплановых, разнообразных и интересных молодых людей, собранных в одном месте. Здесь можно овладеть навыком коммуникации в совершенстве. Ищите правильных, «своих» людей, держитесь за них, и учитесь уважать всех остальных окружающих. Умейте налаживать с ними контакт. Это, скорее всего, будет очень важным навыком, который не раз вас потом выручит.

Общайтесь больше! Очень редко одинокие люди, страдающие «аутизмом», хорошо устраиваются в жизни. Никогда не забывайте простой истины: друзей проще всего приобрести в школе и университете, позже сделать это будет уже несравнимо сложнее.

СОВЕТ 2. Концентрируйте свое внимание на важном

Ставьте перед собой цели, достигайте их, радуйтесь своим маленьким победам, получайте от них удовольствие. Повторяйте эту процедуру снова и снова. Учитесь удерживать внимание на самых важных учебных курсах, на самых важных для вас делах в университете. Фокусируйте свое внимание, стройте планы на будущее, но никогда не теряйте чувство настоящего момента. Именно в настоящий момент направляйте все свои силы, всю свою энергию. Но, пожалуйста, не теряйте при этом контроль над всем остальным.

СОВЕТ 3. Не устраивайтесь на работу во время обучения

Это очень спорный для многих, но от этого не менее важный совет. Никогда, ни за что не работайте во время учебы в университете! Особенно, на полную ставку и на постоянном месте работы. Полный рабочий день, скорее всего, погубит ваше образование, и «система» будет старательно этому способствовать.

Почему? Вы теряете время. Вы приобретаете опыт? Он не всегда полезен. Разве, вы полностью уверены в том, что вам будет нужно в будущем?

Просто помните, что пока вы вкладываете свой ум, здоровье и время в развитие чужой компании (именно чужой, своя компания — совсем другое дело), кто-то в этот же момент вкладывается в развитие своей личности и интеллекта. Что, по-вашему, мнению является более приоритетной задачей? Задумайтесь над этим вопросом. И если работа для вас окажется важнее, то попробуйте ответить на вопрос, а зачем вам вообще тогда нужно образование...

СОВЕТ 4. Учитесь, учиться, учиться

Работайте над собой, постоянно. Просто необходимо постоянно совершенствоваться, искать новые источники информации. Читать, писать, решать. Не бойтесь проявить себя, принимайте участие во всем, что считаете интересным: олимпиады, конкурсы, соревнования, гранты, поездки... Следите за этими событиями и находите важные и интересные для себя.

Не стоит чувствовать удовлетворения, усвоив все знания, полученные на занятиях. Помните, что это всего лишь необходимый минимум. Далек не каждый студент добивается успеха, поэтому необходимо всегда быть на шаг впереди всех остальных.

Не бойтесь, что ваши знания не будут никому нужны. Толковые, умные «голова» стоят дорого. Никогда знания не оставались «безнаказанными», а труд — вознагражденным! Не думайте, что в вашем случае произойдет какое-либо исключение из этого правила.

А главное, сделайте так, чтобы ваша «учеба не мешала образованию».

Молодых людей, талантливых от природы, очень мало, большей же части приходится прокладывать себе дорогу в жизнь тяжелым каждодневным трудом.

Совет 5. Уделяйте внимание своим оценкам

Всем известны, наверное, примеры того, что некоторые известные личности (не будет называть их имена) так и не закончили университет, но при этом прекрасно чувствуют себя в этой жизни, добившись заоблачных успехов. Но!

Во-первых, они далеко не гордятся тем, что университетов не заканчивали, и нисколько не проповедуют этот стиль жизни. Разве они отдадут при найме на работу при-



оритет людям без образования? Нет!

Во-вторых, если вы объявите себя троечником, и вас не будет волновать ваш средний балл, то вряд ли это как-то поможет вам основать свою компанию, и добиться всемирного признания. Очень часто молодые люди находят в этом просто причину, которая будет покрывать их безделье и некомпетентность в каких-то вопросах. Правда?

Важна ли успеваемость, ваш средний балл? Что думать по этому поводу родители и товарищи? Не авторитетное мнение? Тогда пример: один из основателей компании Google верит в то, что ничто так хорошо не характеризует интеллект человека, как средний балл его диплома, а именно оценки по математике и английскому языку. Остальные оценки, по его мнению, отражают способность человека реализовать эти знания во всех


остальных областях. Вы должны знать об этом. Подумайте об этом сейчас, потому как исправить средний балл своего диплома у вас возможности уже не будет.

Совет 6. Be epic

Сейчас эту фразу часто используют, чтобы заканчивать выступления на конференциях. Для меня ее смысл складывается из следующих составляющих.

- Чем-то отличаться от всех остальных
- Быть известным, узнаваемым
- Вызывать уважением, заработать авторитет
- Быть лучше, хотя бы в чем-то

Источник: habrahabr.ru



Қазақстан Республикасының
Мәдениет және Ақпарат
Министрлігі Ақпарат және
Мұрағат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымдарын
және ақпарат агенттіктерін
есепке алу туралы 2014 жылғы
12 ақпанда тіркеліп
№14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Газет тілшісі Арэн Ж.С.
Газет маманы Жалғасбаева М.Ж.
Газет корректоры Адилханова С.Ж.

Меншік иесі:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис»
баспаханасында (Ақтебе
қаласы. Смағұлов кешесі,
9 «К» басылады.
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №138 Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтебе қаласы, Ә.
Молдағұлова кешесі 34 ұй. 2-қабат,
200^б белме. Келемі 2 баспа табақ.
Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп
түскен қолжазбалар мен фото-
суреттер қайтарылмайды.